

## **№43 «Гүлдәурен» балабақшасы МКҚК**

### **Адал азамат» біртұтас бағдарламасы негізінде балабақшаға арналған жылдық жоспар бойынша қыркүйек айына АНЫҚТАМА Балабақшадағы тәрбиелік іс-шаралар жүйесі**

Мектепке дейінгі ұйым – баланың тұлғалық қалыптасуындағы алғашқы әлеуметтік орта, екінші үйі. Баланың бойына ұлттық құндылықтарды, отан сүйгіштік пен адамгершілік қасиеттерді дарыту дәл осы кезеңде басталады. Балабақшадағы әрбір іс-шара баланың жан-жақты дамуына, білімге деген қызығушылығын арттыруға, шығармашылығын оятуға бағытталған. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың басты мақсаты – балаларды салауатты өмір салтына бейімдеу, адамгершілікке, отансүйгіштікке, мәдени мұраны құрметтеуге тәрбиелеу. Осыған орай балабақшада түрлі мерекелер мен тәрбиелік шаралар ұйымдастырылады. Солардың ішінде патриоттық, отбасылық, достық қарым-қатынас пен ұлттық дәстүрді насихаттайтын іс-шаралар ерекше орын алады.

**1. «Менің Отаным – Қазақстан»** Бұл іс-шараның басты мақсаты – балаларды Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерімен таныстыру, оларды құрметтеуге үйрету. Көгілдір ту, қыран құс пен күн бейнесі – еліміздің еркіндігі мен бейбітшілігінің символы. Елтаңбадағы шаңырақ пен қанатты пырақ – бірліктің, ынтымақ пен болашаққа ұмтылыстың белгісі. Әнұран – елдің басты әнұраны, оны тұрып тыңдау балаларға елге деген мақтаньш сезімін ұялатады. Осы тақырыптағы сабақта балаларға Отан туралы тақпақтар айтқызып, рәміздерді сурет арқылы көрсету – олардың есте сақтау қабілетін дамытады. Сонымен қатар, әңгімелесу арқылы баланың Отанға деген сүйіспеншілігі қалыптасады. Мұндай іс-шаралар балалардың бойында патриоттық рухты нығайтады.

**2. «Менің отбасым – менің байлығым»** Отбасы – әрбір баланың алғашқы тәрбие мектебі. Баланың бойындағы мейірімділік, сыйластық, қамқорлық сияқты қасиеттер ең алдымен отбасынан дарылады. Осы іс-шарада балалар өз ата-анасы мен туыстарын суретке түсіріп салып, көрме ұйымдастырады. Бұл олардың шығармашылық қабілетін арттырып қана қоймай, жақындарына деген сүйіспеншілік сезімін күшейтеді. Сурет көрмесін ұйымдастыру арқылы әр бала өз отбасымен мақтанады, сурет арқылы әңгімелеп, сөйлеу дағдысын дамытады. Сонымен қатар, «Отбасы мүшесін тап» ойыны балаларға отбасы рөлдерін түсіндіруге көмектесті. Бұл шараның тәрбиелік мәні – баланы өз отбасын сыйлауға, бағалауға, ата-анасын құрметтеуге баулу.

**3. «Балабақша – менің екінші үйім»** Балабақша – балалардың екінші үйі, ал тәрбиеші – олардың қамқоршы ұстазы. Бұл іс-шарада дөңгелек үстел ұйымдастырылып, балалар балабақшадағы күнделікті өмірі туралы әңгімелейді. «Менің досым» ойыны арқылы балалар бір-біріне жылы сөздер айтып, достықтың қадірін түсінеді. Шағын қойылымдар қою – балалардың рөлдік ойнау дағдысын қалыптастырады. Олар тәрбиеші, аспаз, дәрігер рөлінде ойнап, балабақшадағы әр маманның еңбегін құрметтеуді үйренеді.

Осылайша, балабақшадағы өмірдің балалар үшін қызықты әрі маңызды екенін сезіну – олардың әлеуметтік ортаға бейімделуіне ықпал етеді.

**4. «Ұлттық ойындар күні»** Қазақ халқының ұлттық ойындары – ғасырлар бойы жинақталған мәдени мұра. «Ақ серек, көк серек», «Арқан тарту», «Сақина салу», «Қыз қуу» сияқты ойындар балаларды шапшаңдыққа, ұйымшылдыққа, батылдыққа тәрбиелейді. Сонымен қатар, ұлттық ойындар арқылы балалар халқымыздың дәстүрімен танысады. Бұл шараның денсаулыққа да пайдасы зор. Қимыл-қозғалыс ойындары балалардың бұлшық етін дамытады, денесін шынықтырады, салауатты өмір салтына тәрбиелейді. Ойыннан кейін балалардан алған әсерін сұрау арқылы ұлттық ойындардың тәрбиелік мәнін терең түсіндіруге болады. Балабақшадағы әрбір іс-шара – бала тәрбиесінде маңызды рөл атқарады. «Менің Отаным – Қазақстан» арқылы балаларда отансүйгіштік сезімі қалыптасса, «Менің отбасым – менің байлығым» іс-шарасында отбасына деген сүйіспеншілік оянады. «Балабақша – менің екінші үйім» атты дөңгелек үстелде балалардың достық қарым-қатынасы нығайса, «Ұлттық ойындар күні» олардың денсаулығын шыңдап, ұлттық құндылықты бағалауға үйретеді. Осылайша, балабақшадағы тәрбиелік іс-шаралар жүйесі баланың жан-жақты дамуына, мәдениетті, білімді, отан сүйгіш ұрпақ тәрбиелеуге бағытталған.

Дайындаған :Саттыкова А